П-1012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 06-181846
«14» 05 2020 ж.

«Асыл мұра - орда»
қоғамдық қорының
директоры
А. Айтмамбетоваға

Облыстық ішкі саясат басқармасы **«Ұлттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, тұрғындар арасында бірлікті, әлеуметтік оптимизм мен болашаққа деген сенімділікті нығайту»** әлеуметтік жобасы аясында ү. ж. 15 мамырда халықаралық отбасы күніне орай Қамқорлық дағдарыс орталығындағы аналарға «Мен және менің отбасым» тақырыбында танымдық шараны ұйымдастыруға келісетіндігін хабарлайды.

Басқарма басшысының
орынбасары **Қ. Әбілдаев**

Орынд.: Ж.Есенбекова
тел.: 8/7242/605322

«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ
ФОНД
«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»

Қызылорда облысы, Төле би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: 8-776-717-60-06

Кызылординская область, ул. Төле би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: 8-776-717-60-06

Шығыс №28
12.05.2020 жыл

Облыстық ішкі саясат
басқармасы басшысының
орынбасары Қ. Әбілдаевқа

«Асыл мұра - Орда» қоғамдық қоры **«Ұлттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, тұрғындар арасында бірлікті, әлеуметтік оптимизм мен болашаққа деген сенімділікті нығайту»** әлеуметтік жобасы аясында ағ.ж. 15 мамыр күні, «Халықаралық отбасы күніне» байланысты «Қамқорлық» дағдарыс орталығындағы аналарға «Мен және менің отбасым» тақырыбында танымдық шара ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Шара мақсаты: жоғарыда аталған орталықта қызмет алушы 7 отбасы арасында әйел затының қоғамдағы және отбасындағы орны туралы кеңінен түсіндіру үшін аспаздық сайысы мен отбасы құндылықтары туралы мақал-мәтелдерден өзара сайыс ұйымдастыру.

Осы ретте, Сізден жоспарланған шараны өткізуге келісім беруіңізді сұраймыз

Қор директоры **А. Айтмамбетова**

«Мен және менің отбасым» тақырыбында танымдық шараның
БАҒДАРЛАМАСЫ

Өткізілетін күні:	15 мамыр күні 2020 жыл
Өткізілетін уақыты:	сағат: 15.00
Өткізілетін орны	«Дағдарыс» орталығы
Ұйымдастырушы:	«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры
Шақырылғандар:	ҮЕҰ-дар, жастар, БАҚ өкілдері
Қаралатын мәселе	Орталықта қызмет алушы отбасыларға әйел затының қоғамдығы және отбасындағы орны туралы кеңінен түсіндіру

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы танымдық шараға келген қатысушылардың тізімі

№	Аты-жөні	Қолы
1	Муратбаева Ангелина	
2	Жумагали Назира	
3	Муратбаева Нестай	
4	Муратбаев Исламе	
5	Алмабай Райхан	
6	Ибраева Дуайна	
7	Толен Хонзыбан	
8	Толен Дінмұхаммед	
9	Ахметжанова Айнур	
10	Ахметжанова Назым	
11	Ахметжанова Медина	
12	Рустем Динара	
13	Серікбаева Раушан	
14	Жертанбек Арайлым	
15	Жертанбек Аружан	

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы танымдық шараға келген қатысушылардың тізімі

№	Аты-жөні	Қолы
1	Рустем Мадияр	
2	Рустем Рамияр	
3	Рустем Диана	
4	Мұрат Назерке	
5	Шаймат Зарина	
6	Қаржабай Ақбаян	
7	Ахмонбасова Жанар	
8	Аксоналиева Анар	
9	Тұсмоналиева Жаңыл	
10	Кенестаева Ақтамсын	
11	Маратұлы Жібек	
12	Мынжасарова Диана	
13	Аеныгбаева Ақжан	
14	Жұмағали Назира	
15	Мұратбаева Аймерін	
	Мұрат Назерке	

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы танымдық шараға келген қатысушылардың пікірі

Бүгінгі отбасының мерекесі өте керемет өтті. Барлығы да өзінің жан-жақты таныта білді. Ата-аналар да балалар да қуанып қайтты. Керемет көңіл күй болды. Балаларымыздың қызығын осындай сәтте көре алдық. Сурет салып, біздің отбасы бақыт қазанға керек екенін сездік. Танымдық, интеллектуалдық сайыстар өтіп, біздің сонат кердік. Мен өзім қатты қуандым. Қуана отырып, бүгінгі сайыста бірінші орын иеленді. Ұйымдастырушыларға мың алғыс. Осындай шараны ұйымдастырып, қолдау көрсеткен. Үлгілі ақталды. Біз Даңдарыс ортаңғындағы барлық қызметкерлерге де көп рахмет. Алғысым шексіз!!!

Аты-жөні Шамат Зарина

Қолы

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы танымдық шараға келген қатысушылардың пікірі

Бүгін сайыс өтіні Отбасы туралы
қызықты әрі пайдалы болды
оқушыларымыз бірі жоғарлап қалды.
Осындай сайыстар жиі болып тұрсаны
қалаймын.

Аты-жөні Ахметжанова Айжан

Қолы Аж

«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы танымдық шараға келген қатысушылардың пікірі

Отбасылық сайыс өте жақсы деңгейде өтті. Бізге ұнады.

Шынайы кідірістер болды қабылдау шағы біраз то бірі жаңа.

Осындай сайыстар болып берсе екен.

Сіздерге де ихлас шығармашылық табыстар тілейміз.

Аты-жөні Жиханова Аяра Жиенбековна

Қолы

Қорытынды акпарат

Облыстық ішкі саясат басқармасы «Ұлттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, тұрғындар арасында бірлікті, әлеуметтік оптимизм мен болашаққа деген сенімділікті нығайту» жобасы аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ү.ж 15 мамыр күні сағат 14.00 де «Халықаралық отбасы күніне» байланысты «Қамқорлық» дағдарыс орталығында аналарға «Мен және менің отбасым» тақырыбында танымдық шара өткізілді. Шара мақсаты орталықта қызмет алушы 7 отбасы арасында әйел затының қоғамдығы және отбасындағы орны туралы кеңінен түсіндіру үшін аспаздық сайысы мен отбасы құндылықтары туралы мақал-мәтелдерден өзара сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа 7 отбасыға арналған 10 кезенді әр-түрлі белсенділік көрсететін ойындар ойнатылды. Халқымыздың аяулы ұлы Бауыржан Момышұлы кезінде былай деп мұңайған екен: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азабынан қорқам. Дәмді дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келе жатыр. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса, шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ» деген екен. Сондықтан бала тәрбиесін мектеп, ұстаз, ата-ана болып бірігіп бірге нығайту. Отбасы мүшелер арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы ілтипатты болуға тәрбиелеу басты мақсатымыз. Халқымыздың сан ғасырдан белгі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты- балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі данқпен, атақтан, мансаптан, қызметтен іздестіреді. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек деп сөз соңында қоғамдық қор директоры Айжан Айтмамбетова аяқтап диплом, асғыс хатпен марапатталып, сыйлықтар табысталды.

Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Соның ішінде қазіргі жастар біле бермейтіндеріне қысқаша тоқталсақ. Ұлдың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қою. Оның аты – айдар. Бұл ғұрып негізінен, тіл – көзден сақтау үшін ер балаларға жасалады. Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан белгілі. Ақсарбас атау. Адамдар қауіп-қатерге ұшырағанында «Аллаһ Тағала мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл айма ғын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көккасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсар-бас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс. Ақ құйып шығару. Халқымызда: «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген мәтел бар. Қазақтың ақ деп атайтыны: сүт, қымыз, шұбат, айран. Қалың өрт келіп қалғанында алдынан ақ шашады, үйге жылан кіріп кеткенінде басына сүт не айран құйып үйден шығарып барып өлтіреді. Бұл қазақтың үйіне келген жауына да жамандық жасамайтын ұлттық мінезінен шыққан әдет.

Ат тергеу. Ол – адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасына, қайнағасына, қайнысына, қайын-сіңілісіне атын атамау үшін қосымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды. Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынандай: «Мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым». Жеңгелері қайныларына әзілдеп, бойлары тапал болса «сұңғақтым», жайбасар болса «жүйрігім» деп те ат қояды. Ер адамдар да өзінен үлкендерді Мәке, Сәке деп құрметтейді. Анттасу. Жаудан кек қайтару үшін, адамдар бір-біріне деген адалдықтан айнымау үшін, еларалық тату келісімді сақтау үшін ант айтатын салт-дәстүр бар. Халық антын бұзған адамды «Ант атқан» деп жек көріп, «Уа, айтылған ант, серттескен уәде, алысқан қол қайда?»» - деп, кінәласады.

Араша түсу. Дауласқан, жанжалдасқан адамдарға басу айтып, ажырату, сабасына түсіру – араша түсу деп аталады. Бұрындары мұндай жанжалда ауылдың, елдің абыройлы абызы «Араша!» Араша! деп айқайлап, от шыққалы тұрған ортаға барып, ағайынға араша түскен.

Арыздасу. Бұл фәнидегі (өмірдегі) тататын дәм-тұзы таусылып, өмірден өтіп бара жатқан ғаріп отбасымен, туған-туыстарымен, көрші-көлем, дос-жарандарымен соңғы рет тілдесіп, хош айтысады. Мұны арыздасу деп

атайды. Арыздасуда бақилық болғалы жатқан пенде біліп, білмей жасаған қателік, күнә, кінәлары үшін жиналғандардан, олар одан кешірім сұрайды.

Асар жасау. Үй салу, қой қырқу, тай таңбалау, киіз басу, егін ору, шөп шабу тәрізді қауырт жұмыстарды көптің күш-қайратымен, көмегімен тез атқару үшін ру басының, үй иесінің ауылдастарын, туған-туыстарын шақырып, бірлесе қимылдауын асар жасау деп атайды. Оның екінші атауы – үме, серне. Үй иесі жәрдемдесуге келгендерге тамақ дайындап, сый-құрметін көрсетеді. Асарға келгендер атқарған жұмысына, көмегіне ақы алмайды.

Асату. Оны С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында кең насихаттап жазған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін-ді.

Ат тұлдау. Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды. Бұл дәстүрді ат тұлдау деп атайды. Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын ауна тып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жері не келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхтар Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Ауыз тию. Алыс сапарға аттанарда сол адам ауылындағы немесе әулетіндегі үлкен үйге кіріп дәм татып, жолға шыққан. Сонда ол «Осы қара шаңырақтың киесі қолдайды» деп сенген. Отбасы тамақтанып отырғанда дастарқан үстіне келген адам ондағы дәмнен ауыз тиюге тиіс. Әсіресе, таңғы астан ауыз тимеуге болмайды. Ас тан ауыз тию - үй иелерінің қонаққа, қонақтың дастарқандағы асқа деген ыстық ықыласының бір белгісі болып саналады.

Аузына түкірту. Бұл – қазақтардың ертеден келе жатқан ырымы. Олар батырлар мен билерге, ақындарға, тағы да басқа атақты адамдарға баласының аузына түкіртіп алатын болған. Түкіргенде оның ырымы ғана жасалады. Бұл ырым баламыз сондай адамға ұқсап, өнегелі болсын дегеннен туған. Баласының аузына бір адамға түкіртсе, жеткілікті.

Аяғына жығылу. Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осы ғұрып. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тиісті адамның үйіне рұқсат сұрап кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғына жығылып, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» - әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Байғазы беру. Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады. Базарлық әкелу. Алыс сапарға шыққан, қыдырып қайтқан, сауда жасап келген адамдар туған-туысқандарына, көрші-көлемдеріне, дос-жарандарына ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеліп береді. Мұны базарлық деп атайды. Ол жақсы көргеннің, сыйлағанның белгісі.
Бастаңғы жасау. Үйдегі үлкендер жолаушылап кеткенінде қалған жастар өздері бас қосып (келіндер, абысындар, күйеулер, балдыздар болып), немесе замандастарын шақырып ойын-суық өткізеді, әңгіме-дүкен құрады, әр түрлі дәмді тағамдар жасап ішеді. Бұл әдет-ғұрыпты бастаңғы жасау деп атайды.

Бәсіре атау. Ежелгі әдет-ғұрыптардың бірі. Ата-анасы баласына арнап жас төлге ен салады да оны «бәсіре» деп атайды. Бәсіре аталған төл өскен соң сол баланың қажетіне, тойына жаратылады. Оны ен салып, малды таңбалаумен шатастырмау қажет.

Босаға майлау. Жастар шаңырақ құрғанында немесе біреу жаңа үй алғанында жақын туған-туыстары келіп жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниеттен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Ен салу. Малдың құлағын тіліп, немесе оны ойып белгі – ен салады. Ол малын табу, жоғалып, басқа малдармен араласып кетсе тану үшін жасалады. Енді әр құлақтың алды-артына алмастыра салу арқылы мынандай түрлерін жасайды: тілік ен, бұрыш ен, кез ен, қиық ен, құмырсқа ен, тесік ен, кесік ен, т.б. Енші беру. Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүлкінен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Ата-анасы қайтыс болса,

олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс. Әке орнында әке болып отырған ағасының ата-анасынан қалған мұраны бауырына басып алып, оның бар рахаты мен қызығын өзінің ғана көруі – тасбауырлық. Ондай аға кейін інісі өз бетінше күн көріп, бақ-дәулетке ие болғанында «Інім маған, балаларыма қараспайды» деп күңкілдемеуге тиіс. Кейбір ата-ана балаларының енші басын алдын-ала бөліп, атап қояды.

Ерулік беру. Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-көлемі немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Бұл салтты ерулік деп атайды. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

Жол беру. Қазақта үлкен адам келе жатқанында алдын кесіп өтпейді, оған жол береді, үйге кіргенінде орнынан тұрып төрге отырғызады. Аң аулағанда да жасы үлкен адам бірінші болып оқ шығарады, олжаның алғашқысын иемденеді. Алыстан келген қонаққа да, қызметі мен шені үлкен адамдарға да әр істе жол береді. Мұның бәрі қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы этикалық жоралғы болып саналады.

Жылу жинау. Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ор- тасынан бір адам ұйымдас тырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

Жұмалық. Бұрындары дәріс алып жүрген шәкірттері жұма күні молдасына сыбағаға ет, қымыз, май, құрт әкелетін болған. Оны халық жұмалық деп атап кеткен.

Көрімдік беру. Нәрестелі болғанында, келін түсіргенінде «құтты болсын» айта келгендерден сәбиді, келінді көрсетпей тұрып «көрімдігін бермесеңдер көрсетпейміз» деп кәдесін сұрайды. Қыз ұзатыларда ұл жағынан келген құдаларға болашақ келіндерінің жасауын көрсетіп те көрімдік сұрайтын әдет-ғұрып бар. Қазір жоғары оқу орнын бітіріп диплом алған жастар да туған-туыстарынан көрімдік сұрап жатады.

Елін сүйер сеніңіз,
Өз отбасын сүйе алған.
***

Отбасындағы ойран

Ойдағы елге жетпес.

***

Отан - қуат,
Отбасы - шуақ.
***

Отбасы ала болса,

Кереге басы сайын бәле бар.

***

Отбасының жанжалы

Қана ішпеген шайдан туады.

Ауыр жолдың азабы,

Артар атан, нардан туады.

***

Отбасының өнегесі -

Отан өнегесі.

***

Отбасының сәні - сыйластық,

Достың сәні - қимастық.

***

Отбасынан бас кетсе,

Қазаннан ас кетеді.

***

Отбасына өрт салма.

***

Бойымдай бой табылса да,
Ойымдай ой табылмас.
***

Сыйға сый, сыраға бал.

***

Қарындасқа бұрмағанның қары сынсын.

***

Үй ішінен жау шықса,
Тұра қашып құтылмассың.
***

Қарындасқа бұрмағанның қары сынсын.

***

Үй ішінен жау шықса,
Тұра қашып құтылмассың.
***

«Сіз», «біз» - деген жылы сөз,
Ағайынға жарасар.
***

Қарындасың – қарлығашың.
***

Інісі бардың тынысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар.
***

Төркін десе қыз төзбейді,
Көкпек десе түйе төзбейді.
***

Ине өткен жерден жіп өтер.

***

Тіріде сыйласпаған,
Өліде жылыспайды.
***

Қазаны басқаның қайғысы басқа.

***

Ата – баланың қорғаны.

***

Атаға баланың алалығы жоқ.

***

Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.
***

Сақау баланың тілін шешесі біледі.

***

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
***
Бала, баланың ісі шала.
***

Балам – балым,
Баланың баласы – жаным.
***
Қарға баласын аппағым дер,
Кірпі баласын жұмсағым дер.
***

Атаның көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
***

Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

***

Торғай жаңбыр жауса баласын қорғар,
Бұршақ жауса, басын қорғар.
***

Жалғыз түйе бақырауық,
Жалғыз бала жылауық.
***

Жылайын деген бала әкесінің сақалымен ойнайды.

***
Бала – ананың бауыр еті.
***

Бала қадірін балалы болғанда білерсің.

***

Балалы үй базар,
Баласыз үй қу мазар.
***

Бала – бауыр етің.

***
Балаға пышақ бермесең бір жылар,
Берсең екі жылар.
***

Ат болатын тай саяққа үйір,
Адам болатын бала қонаққа үйір.

Почта Mail.ru | Era Istrefi - Bo | «Асыл мұра - Ор | Мақтаралға Сыра | ыдыс аяқтармен
Не защищено | orda-kenes.kz/index.php?select=news&news_id=193&lang=kz

Енгізілді: 20.05.2020

Қаралғаны: 2 рет

Ақпарат



Облыстық ішкі саясат басқармасы «Ұлттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, тұрғындар арасында бірлікті, әлеуметтік оптимизм мен болашаққа деген сенімділікті нығайту» жобасы аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ү ж 15 мамыр күні сағат 14.00 де «Халықаралық отбасы күніне» байланысты «Қамқорлық» дағдарыс орталығында аналарға «Мен және менің отбасым» тақырыбында танымдық шара өткізілді. Шара мақсаты орталықта қызмет алушы 7 отбасы арасында әйел затының қоғамдығы және отбасындағы орны туралы кеңінен түсіндіру үшін аспаздық сайысы мен отбасы құндылықтары туралы мақал-мәтелдерден өзара сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа 7 отбасыға арналған 10 кезеңді әр-түрлі белсенділік көрсететін ойындар ойнатылды. Халқымыздың аяулы ұлы Бауыржан Момышұлы кезінде былай деп мұңайған екен: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азабынан қорқам. Дәмді дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келе жатыр. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса, шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ» деген екен. Сондықтан бала тәрбиесін мектеп, ұстаз, ата-ана болып бірігіп бірге нығайту. Отбасы мүшелер арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы ілтипатты болуға тәрбиелеу басты мақсатымыз. Халқымыздың сан ғасырдан белгі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты- балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі данқпен, атақтан, мансаптан, қызметтен іздестіреді. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек деп сөз соңында қоғамдық қор директоры Айжан Айтмамбетова аяқтап диплом, асғыс хатпен марапатталып, сыйлықтар табысталды.

KK 12:19 25.05.2020

№	Аты-жөні	1 кезең	2 кезең	3 кезең	4 кезең	5 кезең
1	Ахметжановалар отбасы	4	+	+	4	10
2	Муратовалар отбасы	5	–	–	4	12
3	Алпысбаевалар отбасы	4	+	–	3	7
4	Шаматовалар отбасы	5	–	+ +	5	8
5	Муратбаевалар отбасы	5	–	–	5	8
6	Ибраевалар отбасы	5	+	+	5 +++	17
7	Ахметовалар отбасы	4	+	+	5 +	14

№	Аты-жөні	1 кезең	2 кезең	3 кезең	4 кезең	5 кезең
1	Ахметжановалар отбасы	4 5	+	+	5	10
2	Муратовалар отбасы	5 5		4	5	12
3	Алпысбаевалар отбасы	4 +		+	4	7
4	Шаматовалар отбасы	5 5	+	+	5 +	8
5	Муратбаевалар отбасы	5 5	+	+	5 ++	8
6	Ибраевалар отбасы	5 5	+	+	5++	17
7	Ахметовалар отбасы	5 5	+	+	4	14